

Ортаңғы №2 «Күншуақ» тобының күн тәртібіндегі тәрбие, оқу қызметінің циклограммасы
Наурыз айы, II-апта (09.03-12.03.2021ж.)

Өтпелі тақырып: "Салттар мен фольклор."

Апталық тақырып: "Қазақ халық ауыз әдебиеті бізде қонақта "

Мақсаты: Қазақстан Республикасында тұратын өзге ұлт адамдарына, олардың мәдениетіне, салт-дәстүрлеріне мейірімді және сыйластық қатынасқа тәрбиелеу.

Міндеті: Халықтық дәстүрді құрметтеп, ұлттық салт-дәстүрлердің маңызын түсіндіру, ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру.

Күн тәртібі	Уақыты	Сейсенбі 09.03.2021ж.	Сәрсенбі 10.03.2021ж.	Бейсенбі 11.03.2021ж.	Жұма 12.03.2021ж.	
Балаларды қабылдау Ата – аналармен әңгімелесу	8.00-8.40	Ата-аналар мен балалармен амандасу. Балаларды қабылдап, т өлшеу, тазалығын тексеру.				
Ойындар (үстел – үсті, саусақ және т.б)		Саусақ жаттығуы. Мысық пен тышқан. Тышқан қашты мысықтан Қатты-қатты жүгірді. Орын тапты қуыстан Зәресін мысық ұшырды. Қарады мысық тесіктен, Тышқанға бері шық,-деді. Еденді ұрды "Тук-тук"деп, Тырналады, кетпеді	Д/ойын: "Бет орамалға лайық жамауларды табу. " Мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға,салыстыруға жаттықтыру,логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.	Пирамида ойыншығы бойынша түстерді ажыратып,айтып шығу. Мақсаты: түстерді ажыратып,есте сақтау қабілетін арттыру.	Дидактикалық ойын: "Бұл не?" Мақсаты: Балаларды көрсетілген заттар мен ойыншықтарды атап, айтып бере білулеріне үйрету. Аз немесе көп мағыналарын түсіндіру.	
Таңертеңгілік жаттығу		Ертеңгілік жаттығу кешені «Текшемен»				
Таңғы ас		Балаларға қолды дұрыс жууға, құрғатып сүртуге үйрету. Таза және ұқыпты тамақтануға қасық, кесе, сүлгіні орынды қолдануға және тамақтану кезінде аузын жауып жеуге үйрету. Балаларға тамақ ішкенде жан –жағына алаңдамай отыруға дағдыландыру.Тамақ ішіп болған соң майлықты қолдандыру.				
Ұйымдастырыған оқу – қызметіне (ҰОҚ) дайындық	8.40-9.15	Дидактикалық/ойын: "Мын ау қандай пішін? Мақсаты: Геометриялық пішінді сипалап анықтау арқылы айта білу.	Дидактикалық ойын: "Бұл қай кезде болады?" Мақсаты: Баланың жыл мезгілдері жайлы білімдерін тиянақтау, пысықтау тиісті белгілерін атату	Дидактикалық ойын: « Жабайы жануарларды тап » Мақсаты: Балалардың жабайы жануарлар жайлы білімдерін пысықтау. Зеректікке, тапқырлыққа тәрбиелеу.	Дидактикалық ойын: "Бұл қандай түс?" Мақсаты: Балаларға түстерді ажырата білуге үйрету.	

<p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырған оқу қызметтері</p>	<p>9.15-10.20</p>	<p>2."Денсаулық" Дене шынықтыру Тақырыбы:«Сақина салмақ» Мақсаты: Наурыз мерекесі жөнінде толық мағлұмат беру. Гимнастикалық қабырғаға өрмелеу және одан түсу, көлденең салмадан дұрыс ұстау: 4 саусақ үстінен, бас бармақпен астынан. Допқа дұрыс траектория беру, қолды жайлап жазып, допты алға-жоғары бағытта білуін бекіту 3."Шығармашылық" Музыка Тақырыбы:«Қамажай» (Халық әні) Мақсаты: Балаларға тақырып бойынша халық ауыз әдебиеті туралы түсінік беріп, музыканы тыңдап, сезініп, шаттана білуге, қуана білуге баулу.</p>	<p>1."Денсаулық" Дене шынықтыру Тақырыбы:«Тақия тастамақ» Мақсаты: Кедергілерден аттап жүруді үйрету: тізені жоғары көтеру және екпінді қимылмен аяқтың ұшына тұру, денені тік ұстау, тепе-теңдік сақтау. Гимнастикалық қабырғаға өрмелеу және одан түсуді қайталау. 2."Қатынас" Көркем әдебиет Тақырыбы: «Түлкі, түлкі, түлкішек» өлеңі Мақсаты: Көркем шығарманың мазмұнын зейін қойып тыңдауға. Халық ауыз әдебиетінің туындыларын тыңдауға деген қызығушылығын арттыру. Шығарманың тәрбиелік маңызын түсіндіру. 2."Шығармашылық" Сурет салу Тақырыбы: «Ертегі үйшік» Мақсаты: Балаларға таныс геометриялық фигураларды үйлестіре отырып, үй салуды үйрету. Шеттен шығып кетпей, ішкі жағын бір бағытта бояуды үйрету. Көзбен мөлшерлеуді, қағаз парағында бағдарлай білуді дамыту. Ыждағаттылыққа және сурет салуға ынталы болуға тәрбиелеу. Әдіс-тәсіл: Амандасу. 1.Жұмбақты шешу.Өзі бір қу Жүрген жері айқай меншу.(түлкі) 2."Түлкі,түлкі,түлкішек"өлеңін оқып,мазмұнын айтып беру.Жағымды,жағымсыз</p>	<p>2."Денсаулық" Дене шынықтыру Тақырыбы: «Соқыр теке» Мақсаты: Допқа дұрыс траектория беру, қолды жайлап жазып, допты алға-жоғары бағытта білуін бекіту. Кедергілерден аттап жүруді үйрету: 1."Таным" Жаратылыстану. Тақырыбы: «Суретгі жұмбақтар» Мақсаты: балаларды қазақтың халқының ауыз әдебиетінің бір түрі – жұмбақпен таныстыру, жұмбақ шешуін суреттер арқылы таба білуге үйрету, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Танымдық қабілеттерін жетілдіру. Әдіс-тәсіл: 1.Амандасу.Кіріспе әңгіме: жыл мезгілдерін қайталау. 2.Жыл мезгілдеріне байланысты жұмбақ жасыру. 3.Ертегі кейіпкерлеріне жұмбақ жасырып, қимылдарын көрсету. 4.Сергіту сәті. 5.Сұрақ-жауап.</p>	<p>2."Әлеумет" Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Кел, санамақ, санайық» Мақсаты: Балаларды халық ауыз әдебиеті түрлерімен таныстыру, санамақ ойындары арқылы саусақтың аттарын үйрету, балалардың тілін дамыту, саусақтарының қимылын жетілдіру, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту арқылы балаларды ауызбірлікке, ұлттық дәстүрлерді құрметтеуге тәрбиелеу. 2."Шығармашылық" Жапсыру. Тақырыбы: «Тышқан іні» Мақсаты: Мақта қыз бен мысық ертегісі туралы түсінік бере отырып, жануарлар туралы білімдерін нақтылау, тышқанның мекені туралы түсінік беру, тышқанның дене бөлшектерімен таныстыру, жапсыру реттілігін қалыптастыру, жапсыруды талғаммен орындай білуге тәрбиелеу Әдіс-тәсіл: 1.Амандасу. 2.Саусақтар санамағын үйрету,таныстыру,айтқызу. 3.Қ/ойын:"Қуырмаш" 4."Мақта қыз бен тышқан"ертегісін айтып, тышқанның мекендейтін жері туралы түсінік беру. 5.Қағаздан тышқанның інін жапсыру. 6.Сергіту сәті. 7.Сұрақ-жауап,мадақтау.</p>
---	-------------------	---	---	---	---

			кейіпкер екенін табу. 3.Д/ойын:"Жабайы аңдарды тап". 4."Ертегі үйшік"суретін салу. 5.Сергіту сәті. 6.Сұрақ-жауап.		
Серуенге дайындық	10.20-10.40	Киімдерін ретімен киюге үйрету.Киімді дұрыс орнына жинауды жалғастыру,бір-біріне көмектесіп алғыс айтуға тәрбиелеу.			
Серуен	10.40-12.00	1.Ауа райының өзгеруін бақылау. Мақсаты: Көктем мезгілімен таныстыру 2.Еңбек: Ойын алаңын реттеу. 3.Қимылдыойын:"Поезд" 4.Жеке жұмыс: Бекжан мен Нұрасылдан ата-анасының мамандығы туралы сұрау. 5.Еркін ойындар	1.Күнді бақылау. Мақсаты: күннің жылуын сезіну. 2.Еңбек: тастарды жинау. 3.Қимылдыойын:"Сақина салмақ" 4.Жеке жұмыс: Аяна мен Мадинадан көктем мезгілінің ерекшелігін сұрау. 5.Еркін ойындар.	1. Жыл мезгілінің өзгеруін бақылау. Мақсаты: табиғат өзгерістері туралы түсініктерін кеңейту 2.Еңбек: алаңды реттеу. 3.Қимылды ойын: "Жалаушаға жет" 4.Жеке жұмыс: Ақылбекке түстерді айтқызып үйрету 5.Еркін ойындар.	1.Аула жинаушы апайдың еңбегін бақылау. Мақсаты: үлкеннің еңбегін бағалауға тәрбиелеу 2.Еңбек: Құстарға жем беру. 3.Қимылды ойын:"Аю апанында " 4.Жеке жұмыс: Мадина мен Айзереден пішіндерді сұрау. 5.Еркін ойындар
Серуеннен оралу	12.00-12.20	Балаларға сыртқы киімдерін шешіп, сөрелеріне ұқыпты жинауға дағдыландыру. Қолдарын таза жууға үйрету.			
Түскі ас	12.20-13.00	Балаларға тамақтану кезінде тыныш отыруға дағдыландыру. Астарына дәмділік тілеу.			
Түскі ұйқы	13.00-15.10	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау			
		"Әлди-әлди»атты әуенін тыңдату арқылы ұйықтату.	Балаларға жәйлі жатып,тыныш ұйықтауға,жылы сөз айтып жатқызу.	"Жеті лақ пен қасқыр"ертегісін оқып беру арқылы тәтті ұйқыға жатқызу.	Жәй әуен ырғағымен балаларды ұйқыға жатқызу.
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары	15.10-15.40	Балаларды ұйқыдан оятып,керілу,созылу жаттығуларын жасату.Төсек үстінде қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын,оң аяқтарын көтеру,екі аяғын бірге ұстап түсіру.			
Бесін ас	15.40-16.10	Балаларды тамақты ұқыпты ішуге дағдыландыру. Балаларға майлықты дұрыс қолдануға үйрету.			

<p>Ойындар, дербес әрекет.</p> <p>Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыстар</p>	<p>16.10-16.30</p>	<p>Қимылды/ойын: "Кім шапшаң" Мақсаты: Шапшаңдыққа, достыққа, жылдамдыққа баулу. Ұйымшылдыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.</p> <p>Айзере мен Аминатқа заттарды, суреттерді қарастыруда, сұрақтарға жауап бере білуге үйрету</p>	<p>Үстел үсті театры арқылы "Бауырсақ" ертегісін сомдап беру. Мақсаты: ертегі арқылы тілдерін дамыту, сөздік қорларын молайту, ертегі кейіпкерлерін атап беру.</p> <p>Нұрасыл мен Аружанға ұй құстары мен дала құстарын ажыратуға үйрету.</p>	<p>Сюжеттік ойын: «Дәрігер» Мақсаты: Балалардың білім деңгейін, ойындарды ойната отырып, әрі қарай жан - жақты дамыту, тіл байлығын жетілдіру, сөздік қорын молайту.</p> <p>Айназ бен Мадинаға жыл мезгілін үйрету.</p>	<p>Мозайка құрастыру. Мақсаты: Ұсақ қол моторикасын дамыту, жасаған жұмысын аяғына дейін бітіруге дағдыландыру</p> <p>Айбибі мен Ақылбекке түрлі-түсті қарындаштармен сурет салуға үйрету.</p>
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>16.30-16.50</p>	<p>Балаларға ішке киетін киімдерін сөрелеріне жинап, сырт киімдерін кигізу.</p>			
<p>Серуен</p>	<p>16.50-17.50</p>	<p>Ағаштарды бақылау Қимылды ойын: "Апандағы аю" Мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа тәрбиелеу. Еркін ойындар</p>	<p>Құстарды бақылау Қимылды ойын: "Қай жерден дыбыс шығады" Мақсаты: Балаларды тәрбиешінің белгісі бойынша қимылдауға, кеңістікте бағдарлау, ептілікке үйрету. Еркін ойындар.</p>	<p>Күннің батып жатқанын бақылау Қимылды ойын: "Қасқыр мен қояндар" Мақсаты: Балаларды ұйымшылдыққа, шапшаңдыққа үйрету. Ойынды ойын барысында түсіндіру. Еркін ойындар.</p>	<p>Ауа-райының өзгергенін бақылау Қимылды ойын: "Ұшақ" Мақсаты: Балаларды тәрбиешінің белгісі бойынша қимылдауға, кеңістікте бағдарлау, ептілікке үйрету. Еркін ойындар</p>
<p>Серуеннен оралу</p>	<p>17.50-18.00</p>	<p>Аяқ киімдерін кіре беріс жерге шешуге, киімдерін ретімен шешіп, жинап қоюға дағдыландыру. Қолдарын дұрыс жууға үйрету. құрғатып сүртулерін қадағалау.</p>			
<p>Балалардың үйге қайтуы.</p>	<p>18.00-18.30</p>	<p>Ата-аналарға бетперде тағуларын ескерту.</p>	<p>Ата-аналарға балаларының тәртібі туралы әңгімелесу.</p>	<p>Ата-аналарға балаларды жыл мезгіліне сай киіндіруін ескертіп айту.</p>	<p>Балалардың тазалығы туралы әңгімелесу.</p>

